

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын авиаотынмен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 желтоқсан N 1803

Авиаотынмен қамтамасыз етуде қалыптасқан дағдарысты жағдайға байланысты және "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" бас қала әуежайында көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1000 тонна көлеміндегі авиаотынын мемлекеттік резервтен жаңалау тәртібімен ақысын алдын ала төлеу шартымен жіберуді;

2001 жылғы бірінші тоқсанда жоғарыда көрсетілген авиаотын көлемінде мемлекеттік резервті толықтыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К.Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Орынбекова Д.К.

Қобдалиева Н.М.